

Қ. Е. Есенова

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДА ЖЕРГІЛІКТІ ТІЛ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНІҢ УӘЖДІ-УӘЖСІЗ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Жергілікті атаулар – сөйлеу стиліне тән тілдік құбылыстар. Ауызекі сөйлеу, яғни коммуникативті акті арқылы жеке тұлғаның санасында жатталып, жұмсалымдық, қолданымдық деңгейі жиі болғандықтан, жеке тұлғаның жеке сөздік қорына сіңген диалектілер сол жердің тұрғындары үшін ғана ортақ, жалпылық сипатқа ие болады. Бұл – заңды құбылыс. Осы тұрғыдан келгенде де, жеке жазушылар өз ойын ұтымды, ұтқыр, өзіне қолайлы етіп жеткізу мақсатында диалектілерді шектен тыс еркімен қолданатыны байқалады. Екіншіден, өзінің сөздік қорына сіңіп кеткен диалектизмдердің әдеби тілдегі вариантын іздеп жатуды аса қажет деп есептемейді. Үшіншіден, кейбір жергілікті тіл ерекшеліктерінің, әсіресе заттық және рухани мәдениет атауларының әдеби тілдегі варианты мүлде жоқ. Бір зат немесе құбылыстың атауы біреу ғана, бірақ оның өзі диалектизм деп саналып, диалектологиялық, аймақтық сөздіктерде тіркелген. Белгілі бір изоглостық деңгейімен шектеліп тұрған, жалпыхалықтық сипат ала алмай отырған, бірақ сол заттың негізгі жалғыз атауы болып танылған сөздерді диалектизм қатарына емес, әдеби тіл қатарына енгізу керек сияқты. Бұл жердегі бір ғана аймаққа тән деген қағиданы сол сөзге ғана қатысты тілдік ауытқу ерекшелігі деп көрсеткен дұрыс болар еді.

Бұл орайда Ш. Сарыбаевтың «Жергілікті ерекшелік - әдеби тілді байытудың көзі, әдеби тілге әр кезде азды-көпті еніп отырады, әдеби қолданысқа түскеннен кейін ол диалект болудан қалады. Егер жергілікті ерекшелік (диалект сөз) көркем шығармада арнайы стильдік мақсатта қолданылса, оны «диалектизм» деп атауға болады» [1, 37 б.], – дейтін пікірі көркем шығармада қоланылатын жергілікті ерекшеліктерді ажыратып, танып сипаттауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұдан кейінгі азды-көпті зерттеулерде осы термин ұтымды қолданылып келеді.

Диалектілер, сөйленістер (говорлар) – ұлттық тілдің белгілі бір аймақтағы сөз құрауда, сөз тіркесін жасауда тарихи қалыптасқан, өзіне ғана тән дыбыстық ерекшеліктері бар тармақтары болып табылады. Алайда ол «дұрыс» сөйлеу тілімен салыстырғанда, нормадан ауытқу болып есептеледі.

Көркем шығармада жергілікті тіл ерекшеліктерінің уәжді-уәжсіз қолданылу мәселесін сөз ете келіп, академик Р. Сыздық: «Диалектизмдерді көбірек қолдану өзге жазушыларды да, әсіресе соңғы ширек ғасыр ішінде жарық көрген үлкенді-кішілі проза үлгілерінде орын алады. Мысалы, Б. Алдамжаровтың «Қара нөсер» атты шағын шығармасында («Жазушы» баспасы, 1981) кейіпкерлер тілінде де, автордың өз баяндауында да ояғын (ол жағын), анаяқ (ана жақ), іжқайда (еш қайда), ақ кеуілділік (ақ көңілділік), еге (ие), ауыш (ауыс), бәте (бата), кәйтсін (қайтсын), дайра (дария), ыңғи (ылғи), сояқ (сол жақ), құдағай (құдағи), отқан (отырған), аял (әйел), жүрәт (жұрағат), ешек (есек), пәт (бет), бір буат қағаз (бір бума қағаз), бүймәлім (беймәлім), жаңғыз (жалғыз), тиыш (тыныш), лайқат (лайық), сүгірет (сурет), ірә (тіпті), енапат (ағыл-тегіл), баратса (бара жатса), кәдірлі (қадірлі), бір күншідей (бір күнгідей) сияқты ондаған сөз стильдік мақсатта да (мүмкін, айталық, кейбір кейіпкерлер тіліндегісі), ешбір зәруліксіз де молынан қолданылған.

Мұндайда екі нәрсені іздеуге тура келеді: бірі – қалың көпшілікке бейтаныс сөздерді шамадан тыс әрі түсіндірмей қолданып, көркем шығарманың басты шарты жалпыға ортақтықтан ауытқу, екіншісі – шығарма тілін диалектілендіру екендігі айтылады. Әрине, жоғарыда келтірілген мысалдар бірінші жағдайды танытады, мұнда диалектизмдерді жазушы белгілі бір стильдік мақсатпен әдейі қолданған деуден гөрі, жауапсыздық көрсеткен, нәтижесінде көркем сөз нормасынан ауытқыған деп тануға тура келеді» [2, 242 б.], – деп көркем шығармада диалектизмдерді қолданудың уәжсіздігін баса айтып, нормаға қатысты алғанда, жауапсыздық қатарында таниды.

Мұндай қолданыстарды уәжді, мақсатты қолданыстар қатарына жатқызуға болмайды. Себебі бұлар көркем шығармада белгілі бір қызмет атқарып, кейіпкер мінезін аша түсу мақсатында қолданылып тұрған жоқ. Оның үстіне әдеби тілге енгізуге болатын, баламасы жоқ кәсіби сөз т.б. деуге де келмейді. Мұндай қолданыстар негізінен әдеби тілде баламасы бар, әдеби тілдегі нұсқамен лексикалық, фонетикалық дублеттер тудыратын қолданыстар болып келеді. Авторлық баяндаудағы мұндай қол-

даньс көркем туындының тілін шұбарлайды, оқырманға беймәлім сөздер шығарманың тіліне кері әсерін тигізіп, оның тілін түсініксіз етеді. Диалектілерді орынсыз қолдану, әдеби емес сөздерді мақсатсыз пайдалану тілге нұқсан келтіріп, әдеби тіл нормаларын тұрақтандырып, дамытуға кері әсерін тигізуі мүмкін. Осы орайда Ә.Т. Қайдардың: «Әрбір қаламгер өз шығармаларында белгілі бір өлкеге тән диалектизмдерді кейіпкерлердің аузына салып сөйлетуге ерікті. Бірақ ондай сөздер әдеби тілі нормасы бола алмайды. Ал жазушының өзі болса, жергілікті кейіпкерлерше емес, жазушы ретінде шынайы көркем сөздің үлгісімен баяндап, авторлық ремаркада әдеби норманы қатаң сақтауы керек. Бұл қағидаға ұлы ақын-жазушылардан бастап, көркем сөз саласында бағын сынаушы жас талапкерге дейін түгел бой ұсынуы қажет», – [3] деген тұжырымын көркем шығармада диалектизмдерді қолдануға қойылатын қатаң талап деуден гөрі ұлттық әдеби тілдің тазалығына деген жанашырлық деп түсінген жөн.

Жергілікті тіл ерекшеліктерінің эстетикалық мәні контекстегі қолданысы мен ішкі уәжділігі негізінде айқындалады. Шығармада жергілікті тіл ерекшеліктерінің қолданылуы белгілі бір аймақтың колоритін, шығарманың шынайылығын береді. Ол, ең алдымен, шығарманың тақырыбына, мазмұнына, суреттелетін оқиғаларға, автордың мақсатына, эстетикалық идеалы мен шеберлігіне байланысты. Алайда әдеби тілде жергілікті ерекшеліктерді шамадан тыс қолдану да шығарманың тілін шұбарландырып, түсініксіздікке ұрындырады сөзсіз. Осыған орай, академик Р. Сыздық: «Түсініксіз болатын сөздер – белгілі бір аймақта ғана жұмсалатын жергілікті сөздер, олардың ішінде диалектизмдер мен жергілікті кәсіби сөздер, көне немесе сирек қолданылатын сөздер және жазушының өзі ұсынған жаңа қолданыстар. Демек, лексикалық норма проблемасының бір ұшы – көркем шығарма тілінде диалектизмдердің көрінісіне барып тіреледі.

Жазушы әдетте айтпақ ойын оқырманға әсерлі, дәл жеткізу үшін әр алуан стильдік құралдарды іздейді. Мұндайда эмоциялық әсері үлкен, экспрессиялық бояуы қалың сөздерді таңдайды. Халықтың сөйлеу тіліндегі кейбір сөздердің, оның ішінде диалектизмдердің осындай қасиеті күшті болады. Сондықтан автор кейіпкерлерінің тілінде де, өз тілінде де (баяндауында да) мұндай сөздерде әдейі қолданады. Бірақ осы қолданыста бір жөн (мотив) болу керек және стильдік жүк арқалаған бейтаныс сөздің өзін «таныстырып» жұмсау, яғни түсі-

нікті болуын көздеу мақсаты қалып қалмауға тиіс» [2, 242 б.], – дегенді ескертеді.

Батыс өңірінің тұрғындар тіліндегі жергілікті ерекшеліктердің көпшілігі сол өңірге көрші отырған түркі халықтарының әсерімен де байланысты. Ә. Нұрмағамбетов «Қазақ тілі говорларының батыс тобы» атты еңбегінде Маңғыстауда мекен еткен тайпалардың Алтай, Моңғолия төңірегіндегі ру, тайпалармен байланысты болғанын айта келіп, осы байланыстың тілдегі көрінісі ретінде көне қалдықтарды сөз етеді. Республиканың батысындағы қазақтардың алғашқы отаны – Алтай, Моңғолия даласы төңірегі болғаны дәл қазіргі кездегі осындағы халықтар мен қазақ халқы құрамындағы рутайпа аттарының дыбыстық сәйкестігінен көрінетінін, ғалым осы өңірдегі кейбір сөздерге тіл тарихы тұрғысынан талдау жасай келіп, олардың төркінін қарақалпақ, ноғай тілдерінен табуға болатынын айтады. Яғни батыс диалектіндегі ноғай, қарақалпақ, татар, башқұрт тілдері элементтері соңғы кезде ғана халықтардың көршілес отыруының нәтижесіндегі ауыс-түйіс емес, ноғай ордасы дәуірінен қалған із екенін дәлелдейді [4, 200 б.].

Сонымен қатар диалектолог ғалым С. Омарбековтың еңбектерінде Маңғыстау қазақтары тілінде түрікпен, қарақалпақ тілінен ауысқан сөздердің көп кездесетінін айтады [5; 65 б.].

XVIII-XIX ғасырлардағы Маңғыстау ақын-жырауларының тілін арнайы зерттеген ғалым Б. Нұрдәулетова бұл өңірдегі ақын-жыраулар мұсылманша сауатты болуына байланысты оларға түркі жазба әдеби тілдерінің әсері ерекше болғанын айта келіп: «Осы өлкенің ауызша поэзиясында ортағасырлық түркі жазба әдебиетінің ерекше тілдік дәстүрінің қалыптасуына тағы бір себеп – ғасырлар бойы қарақалпақ, түрікмен халықтарымен іргелес отырып, мәдени, әдеби байланыста болуы. Қарақалпақ қосұқшылары, түрікмен шайырлары, маңғыстаулық жыршылар өмірде де, өнерде де іргелес жүріп, бір-бірінен үйренген, қатар жырлаған. Ал бұл халықтардың көркем әдеби тілі ортаазиялық түркі жазба әдеби тілінің негізінде өркен жайғаны белгілі» [6, 52 б.], – дейді.

Әрбір субъектінің жасына, қызметіне, өмір сүрген ортасына, күнделікті тіршілігіне қарай сөз қолданысы да басқалардан ерекшеленетіні белгілі. Олай болса, жазушы образ сомдауда осы ерекшеліктерді мүмкіндігінше мол қамтуға тырысып, экстралингвистикалық факторларды ескеруі тиіс. Ж. Мұхамбетов көркем шығармадағы диалектизмдердің қолданылу ерекшеліктеріне талдау жасай келіп, жазушы тілін, сөз

қолдану ерекшеліктерін сөз еткенде, ең алдымен, екі фактіге, атап айтқанда, белгілі бір сөздерді қолдануда автордың өзіндік позициясын, мақсатын түсіну; автор бейнесінің ерекшеліктеріне мән беру керектігін айтады [7, 56 б.].

Академик Р. Сыздық қазақ көркем әдебиетінің проза саласындағы лексикалық нормаларды танып-білуде бүгінгі таңда мынадай сәттерге (объектілерге) назар аудару қажеттігін айтады:

1) диалектизмдердің (жергілікті элементтердің) жұмсалуды, яғни орыс тіл білімінде диалектизация деп аталатын құбылыстың қазіргі қазақ көркем әдебиеті тіліндегі көрінісі, күй-қалпы, өріс алу бағыты;

2) жалпыхалықтық тілге тән бейнелі (образды) сөздерді жұмсау тәсілі, фразеологизмдердің сөгілуі;

3) қарапайым, көне, сирек кездесетін сөздердің жұмсалуды;

4) синонимдерді таңдау, идеографиялық және стильдік синонимдердің қолданысы;

5) лексикалық жаңа қолданыстардың орын алуы (қажетсіз тұста жаңадан сөз жасау немесе қажеті бар жерде ұсынылған жаңа қолданыстың сәтті-сәтсіз болуы);

6) штамп сөздер мен тіркестерді қолдану, сөздердің тіркесу аясын кеңіту арқылы сөз мағыналарын жаңғырту;

7) лексикалық варианттардың қолданысы, яғни морфологиялық, орфографиялық, семантикалық, генезистік т.б. жарыспалы элементтердің дұрыс-бұрыс жұмсалуды;

8) белгілі бір сөз тудырушы элементтердің және синтаксистік тәсілдердің көркем әдебиет тілінде активтенуі;

9) көркем әдеби тіл арқылы лексиканың стильдік жіктерге (поэтизм, қарапайым сөздер, канцеляризм т.т.) ажыратыла түсуі.

Былай деп тұжырым жасайды: «Сөз жоқ, жалпы көпшілікке ортақ емес, қолдану аясы шектеулі сөздер мен тұлға-тәсілдерді ешбір себепсіз тоғытып жұмсау принципінде әдеби нормаға, оның ішінде ұлттық көркем сөз нормасына қайшы екендігі даусыз, бірақ текстіге бейтаныс элементтердің қолданылу себептерін, уәжді-уәжсіздігін, қажеттілік дәрежесін, лексика қазынасын байыту мүмкіндігін т.т. жан-жақты

түгел есепке алған күнде ғана «іісі» диалектизмнен қашудың жөн еместігі және әңгіменің бір ұшы жазушы шеберлігіне (автор идеясына қызмет еттіре білу сипатына) тікелей қатысты екендігі байқалады. Демек, бұл жерде норма проблемасы стилистика мәселелерімен ұштастырыла қаралуға тиіс.

Көркем әдебиет тілінде диалектизмдердің, кәсіби сөздердің немесе басқа да тосын қолданыстардың орын алуын сөз еткенде, оларды әрдайым нормадан ауытқу, тіл мәдениетін бұзу деп тануға болмайды. Бүгінгі қазақ көркем сөзінің тіл мәдениетін сақтау дегенде, біздіңше, ең алдымен сөзді дәл қолданбау, яғни сөзді орнымен дұрыс жұмсай алмау, қажетсіз кірме сөздерді енгізу, әдеби норма сыртында тұрған элементтерді ешбір зәруліксіз текстіге енгізуді айту керек» [2, 246 б.].

Ғалым тұжырымдарын негізге ала отырып, көркем әдебиет тіліндегі жергілікті тіл ерекшеліктерінің қолданылу сипатын сөз еткенде, олардың мақсатты-мақсатсыз, уәжді-уәжсіз қолданылуына, шығармаға арқау болып отырған негізгі тақырыпқа қатысына, жазушы немесе кейіпкер тілінде берілу ерекшеліктеріне ерекше мән бере қараған жөн.

1. Сарыбаев Ш. Қазақ тіл білімі мәселелері. Вопросы казахского языкознания. – Алматы, 2000. – 621 б.

2. Сыздық Р. Сөз күдіреті. – Алматы: Атамұра, 2005. – 272 б.

3. Қайдар Ә.Т. Сөз өнері дертпен тең//Қазақ әдебиеті, 1983, 29 июль.

4. Нұрмағамбетов Ә. Қазақ тілі говорларының батыс тобы. – Алматы, 1978.

5. Омарбеков С. Қазақтың ауызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. – Алма-Ата: Ғылым, 1965. – 201 б.

6. Нұрдәулетова Б. XVIII-XIX ғасырлардағы Маңғыстау ақын-жырауларының тілдік ерекшеліктері: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 1999. – 138 б.

7. Мұхамбетов Ж. Көркем мәтіндердегі диалектизмдердің этномәдени мәні: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2007. – 118 б.

В статье рассматриваются местные особенности языка, колорит одной местности, который помогает увидеть истину.

In the composition of local feature of language are applied known color of one edge, where we can see truth of composition.